«№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі» КММ бойынша

Қамқоршылық кеңесі отырысының

**ХАТТАМАСЫ №3**

Ақтөбе қаласы 13.03.2024 жыл.

**Қатысқандар:** Қамқоршылылық кеңесінің мүшелері, мектеп директоры А.Кисикова,оқушылар комитеті, мұғалімдер, мектеп әкімшілігі.

**Күн тәртібінде:**

1. «Жылы жүрек – жомарт қол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру
Әлеуметтік педагог А. Қалсаева.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру шаралары
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Таяуова.

3. Мектептегі медициналық көмек пен ыстық тамақ сапасына мониторинг жүргізу
Бастауыш кластар бойынша директор орынбасары С.Есеналина,
Әлеуметтік педагог А. Қалсаева,

Қамқоршылық кеңестің төрағасы А.Жоламанова кеңестің мүшелерін таныстырды. Күн тәртібі бойынша мәселелерге хабарлама жасап өтті.

**Тыңдалды:**
**1.Бірінші мәселе бойынша мектебіміздің әлеуметтік педагогы А.Қалсаева:** - «Жылы жүрек-жомарт қол» қайырымдылық акциясы бойынша ұйымдастырылған шараларға тоқталып өтті. 2023-2024 оқу жылының 29-тамыз күні әлеуметтік жоба аясында №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінде көп балалы, аз қамтылған, жартылай жетім 9”Б”класс оқушысы Бимашев Меирамбек, Бимашев Мерамбек 6 «б»оқушысы және Бимашев Бақытжан 5 а класс оқушысы қарындасы Бимашева Эльмира 3 а класс оқушыларына ата –аналар тарапынан көмек қолын ұсынды. мектеп киімдері, мектеп тарапынан мектеп сумкасы және оқу құралдары берілді демеушілік жасады.Мұндай қайырымдылық іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.Ағымдағы оқу жылының 17 қаңтар күні №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің өзін өзі басқару ұйымының мектеп призиденті және көшбасшылары балалар үйіне барып кішкентай бүлдіршіндерге сый-сыйапатын көрсетіп, қуанышқа бөлей білді.Мұндай қайырымдылық іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек. 2023-2024 оқу жылының 02-ақпан күні №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінде көп балалы отбасынан шыққан 2 «Ә» класс оқушысылары Келдібаева Анель мен Жанельге мектебіміздің қазақ тілі пәні мұғалімі И.Жармуханова, 12 000 теңгеге туфли аяқ киімің алып беріп, демеушілік жасады.Мұндай қайырымдылық іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

**2. Екінші мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Таяуова:**- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің барлық аймақтарында қарқынды. Сыбайлас жемқорлық – ғасыр дерті. Сондықтан да мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп, өркендеуіне тосқауыл қоятын сыбайластықпен күрес ешқашан назардан тыс қалған емес. Жемқорлықты жоюда, парақорлыққа жол бермеуде әр мемлекеттің қолданатын әдіс-амалы әртүрлі. Ал Қазақстан үлгі еткен Сингапур, Швейцария, Нидерланды сияқты өркениетті елдерде сыбайлас жемқорлықпен күрес өзгеше. Бұл елдерде мемлекеттік

қызметтерді барынша ашық етіп, азаматтардың парақорлыққа қарсы санасын қалыптастыруға басымдық берілген.

**3.Үшінші мәселе бойынша бастауыш кластар бойынша директор орынбасары С.Есеналина, әлеуметтік педагог А. Қалсаева: 3.** Мектептегі медициналық көмек пен ыстық тамақ сапасына мониторинг жүргізу жұмыстары бойынша ағымдағы жылдың мектеп асханасынан тамақтанатын 1-4 класс білім алушылары және жекелеген санаттағы отбасы білім алушыларының тамақтануы оқу жылы басынан жоспары бекітіліп, құрылған кестеге сәйкес жұмыс жасалуда. Бастауыш класс бойынша 409 (төрт жүз тоғыз) білім алушы тегін тамақтанады.Жекелеген санаттағы отбасынан 20 білім алушы тегін тамақтанады. Күнделікті жұмысты ұйымдастыру мақсатында әкімшілік кезекшілік құрылып жұмыс жасалуда.

**:-**

**Қамқоршылық кеңестің мүшесі А.Акбаева:-** Мектеп басшысына және мектеп ұжымына алғысымды білдіремін. Мектептің дамына өз үлесімді қосып отыратын боламын.

**Сөйлеушілер:** Қамқоршылық кеңесінің мүшелері Г. Абдрахманова, А.Курманова, А.Тоқтагулов, директордың оқу –тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Уразалин

Қаулы:

1.«Жылы жүрек – жомарт қол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру жұмысы жалғасын тапсын
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру шаралары басты назарда болсын
3. Мектептегі медициналық көмек пен ыстық тамақ сапасына мониторинг жүргізу жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: А.Жолмаханова

Хатшы: С. Елеусизова